

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) туралы ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасының 2016 жылғы 13 қазандағы № 6 бұйрығы.

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 5 қазандағы № 349 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) туралы ереже бекітілсін.

2. Алынып тасталды – ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 05.04.2017 № 72 бұйрығымен.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) (бұдан әрі – Ұлттық бюро) заңнамамен белгіленген тәртіpte:

1) осы бұйрық бекітілгеннен кейін оның көшірмелерін баспа және электронды түрде күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің және Ұлттық бюроның интернет-ресурстарында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Ұлттық бюроның басшысы Т.М. Татубаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік қызмет істері және
сыйбайлас жемқорлыққа қарсы

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері
және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл агенттігі төрағасының
2016 жылғы 13 қазандағы № 6
бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үлттық бюросы

(Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үлттық бюросы (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) (бұдан әрі – Үлттық бюро) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу мәселелері бойынша іске асыру функцияларын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды Агенттіктің құзыреті шегінде жүзеге асыратын ведомствосы болып табылады.

2. Үлттық бюро өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, осы Ережеге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырады.

3. Үлттық бюро респубикалық мемлекеттік мекеменің ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауымен мөрі және мөртаңбасы, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық органдарында шоттары бар.

4. Үлттық бюро азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Үлттық бюроның, егер заңнамаға сәйкес оған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы бола алады.

6. Үлттық бюро өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамамен белгіленген тәртіппен Үлттық бюро басшысының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да актілерді қабылдайды.

7. Үлттық бюроның құрылымы мен штат санының лимитін Үлттық бюро басшысының ұсынуы бойынша Агенттік төрағасы бекітеді.

8. Ұлттық бюроның заңды мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Сейфуллин көшесі, 37.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – КР Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 06.03.2019 № 60 бұйрығымен.

9. Ұлттық бюроның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы (Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы қызмет)" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Ұлттық бюроның құрылтай құжаты болып табылады.

11. Ұлттық бюроның қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Ұлттық буровга кәсіпкерлік субъектілермен Ұлттық бюроның функциялары болып табылатын міндеттемелерін орындау мәніне шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Ұлттық буровға заң актілерімен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне бағытталады.

2. Ұлттық бюроның міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттемелері

13. Ұлттық бюроның міндеттері:

1) жеке және заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау;

2) сыйбайлар жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

3) сыйбайлар жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу.

14. Ұлттық бюроның функциялары:

1) сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы стратегияларды және бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

2) Қазақстан Республикасындағы сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы жыл сайынғы Ұлттық баяндаманы дайындауға қатысу;

3) Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы стратегияны іске асыру бойынша жоспарлы іс-шаралардың орындалуын бағалау және өткізілген мониторинг туралы жиынтық ақпарат құрастыруға қатысу;

4) қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздарды, хабарламаларды және өзге ақпаратты қабылдау, тіркеу және қарau;

5) алдын ала тергеу, анықтау нысанында және хаттамалық нысанда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу;

- 6) қылмыстық процеске қатысатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 7) жедел-іздестіру қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру;
- 8) жария емес тергеу әрекеттерін, жалпы және арнайы жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу барысында арнайы және басқа техникалық құралдарды қолдану;
- 9) Ұлттық бюроға осы мақсаттарға бөлінген бюджет қаражаты шегінде жедел-іздестіру қызметін қаржылық және материалдық-техникалық жабдықтау;
- 10) тергеуден, анықтаудан немесе сottан жасырынып жүрген іздеудегі адамдардың тұратын жерін анықтау және ұстай;
- 11) сыйбайлас жемқорлық қылмыстар бойынша жедел-іздестіру, әкімшілік, тергеу қызметі тәжірибесіне талдау жүргізу;
- 12) Ұлттық бюроның аумақтық органдарының қызметін бақылау, үйлестіру және бағалау;
- 13) ведомстволық статистиканы қалыптастыру;
- 14) "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының кодексімен белгіленген тәртіпте қылмыстық-процестік қызметті қамтамасыз етумен байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша өндірісті жүзеге асыру;
- 15) сыйбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша тәркіленген мүлікті және әдетте, қылмыстық жолмен табылған қаражатқа алынған мүлікті мемлекеттің кірісіне айналдыру туралы ақпаратты кейін жариялаумен іске асыруға арналған мониторингті жүзеге асыру;
- 16) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау тұрғысынан әлеуметтік-экономикалық саладағы криминогендік жағдайды талдау;
- 17) басқа құқық қорғау және арнаулы органдардан, оның ішінде шет мемлекеттердің құзырлы органдарынан келіп түскен өтініштерді және сұрау салуларды орындау;
- 18) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу мәселелері бойынша басқа мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және шет мемлекеттердің тиісті органдарымен өз құзыреті шегінде өзара іс-қимыл жасау;
- 19) ақпараттық қауіпсіздік саясатын іске асыру, Ұлттық бюроның техникалық және ақпараттық қызметін қамтамасыз ету және жетілдіру;
- 20) Ұлттық бюроға тергеу-жедел қызмет мәселелері бойынша жүктелген міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелерді әзірлеу, құру, сатып алу, пайдалану және жаңарту;
- 21) Ұлттық бюроның әкімшілік ғимараттарын күзету режимін және өткізу режимін қамтамасыз ету;
- 22) Ұлттық бюроның қаруландыруында тұрган қарулардың, оқ-дәрілердің, арнайы құралдардың сақталуын есепке алу және бақылау;
- 23) арнайы мемлекеттік мұрағатта мұрағат құжаттарын жинау (сатып алу), тұрақты сақтау және пайдалануды жүзеге асыру;

24) бейбіт және соғыс уақытында төтенше жағдайлар туындаған кездегі жұмылдыру даярлығы, Ұлттық бюро жұмысының тұрақтылығын арттыру;

25) мемлекеттік құпияларды қорғауды қамтамасыз ету және құпиялылық режимнің сақталуын ведомстволық бақылау;

26) Ұлттық бюроның бірынғай кадр саясатын әзірлеу және іске асыру;

27) Ұлттық бюроның жеке құрамының арасындағы құқық бұзушылықтарды анықтау, алдын алу және жолын кесу;

28) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге функцияларды жүзеге асыру.

15. Ұлттық бюроның құқықтары:

1) сыйбайлас жемқорлық қылмыстар бойынша жедел-іздестіру және тергеу қызметінің, сотқа дейінгі тергеу тәжірибесіне талдау жасау;

2) мемлекеттік органдарға, ұйымдарға және оларда басқарушылық функцияларды орындайтын адамдарға Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасымен белгіленген тәртіpte мән-жайларды және басқа да заң бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдау туралы ұсынулар енгізу;

3) сыйбайлас жемқорлық қылмыстармен қаресу нысандары мен әдістерін жетілдіру, жедел-іздестіру қызметінің стратегиясы мен тактикасын айқындау, оның тиімділігін арттыру бойынша шаралар әзірлеу және іске асыру;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзіне жүктелген міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелерді құру және пайдалану, сотқа дейінгі тергеу, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу барысында Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен тексеру ұйымдастыру;

5) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша бағдарламалық құжаттар әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіппен тергеу әрекеттерін жүргізу, процестік шешімдерді қабылдау және жедел-іздестіру іс-шараларын жүзеге асыру;

8) қылмыстық-процестік заңнамаға және (немесе) әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамаға сәйкес құжаттарды, тауарларды, заттарды немесе өзге де мұлікті алып қою немесе алуды жүргізу;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда, уәкілетті органдар мен лауазымды адамдардан ревизиялар, салықтық және басқа да тексерулер, мемлекеттік аудит және бағалау жүргізуді талап ету;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіппен тиісті уақытша ұстau изоляторларын, тергеу изоляторларын пайдалану;

11) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, лауазымдық және жеке тұлғалардан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қажетті ақпараттар мен материалдарды сұрату және алу;

12) өндірістегі қылмыстық істер бойынша шақыруға келуден жалтарған адамдарды күштеп әкелу;

13) ұсталған және қамауға алынған адамдарды айдалап алып келу;

14) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда басқаша түрде жәрдем көрсеткен адамдарды ынталандыру;

15) өзара ақпарат алмасуды, оның ішінде заңнамада белгіленген тәртіппен электронды тәсілмен қамтамасыз ете отырып, Ұлттық бюроның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, басқа құқық қорғау органдарымен, халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

16) Ұлттық бюроның жүргізуіне жататын мәселелер бойынша шет мемлекеттердің тиісті органдарымен, халықаралық ұйымдармен ынтымақтасу, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық шарттарды жасасу және қосылу бойынша Агенттікке ұсыныстар енгізу;

17) атыс және өзге қаруды, арнайы құралдарды алып жүру, сактау және қолдану, сондай-ақ қажет болған жағдайда қол күшін, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауынгерлік күрес тәсілдерін қолдану;

18) қызметтік міндеттерін орындау кезінде нысанды киім киу;

19) Ұлттық бюроның және оның аумақтық бөлімшелері қызметкерлерінің (жұмыскерлерінің) қызметінде ішкі қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуі және заңдылықтың сақталуы бойынша шаралар қабылдау;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотқа талап-арыздар беру;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге құқықтарды жүзеге асыру.

16. Ұлттық бюроның міндеттемелері:

1) құқық бұзушылықтар туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдар мен басқа да ақпараттарды қабылдау, тіркеу, есепке алу және қарастыру кезіндегі заңдылықты сақтау;

2) жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыстар туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау, тіркеу және қарастыру, олардың жолын кесу, ашу, оларды жасаған адамдарды ұстau және қоғамдық қауіпті әрекеттерге жол бермеу бойынша шараларды уақтылы қабылдау;

3) Ұлттық бюроның құзыреті шегінде жалпы және арнайы жедел-іздестіру іс-шараларын, жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыру, қылмыстық процеске пайдалану үшін олардың нәтижелерін тіркеу арқылы қылмыстарды анықтауды, жолын кесуді және ашуды қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік заңнамасымен көзделген тәртіппен алдын ала тергеуді анықтауды жүзеге асыру;

5) қылмыстық процеске қатысатын адамдарды мемлекеттік қорғау бойынша заңнамалық актілермен көзделген шараларды қабылдау;

6) Ұлттық бюроның қаруландыруында тұрған қарулардың, оқ-дәрілердің, арнайы құралдардың сақталуына бақылауды есепке алу және жүзеге асыру;

7) қылмыстық істер бойынша заттай айғақтарды, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімі тоқтатылған қылмыстық істерді, сондай-ақ жедел есепке алу және жасырын тергеу амалдарының істерін есепке алу және сақтау;

8) прокурорлық ықпал ету және сот актілерін қарастыру;

9) "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының кодексімен белгіленген тәртіpte қылмыстық-процестік қызметті қамтамасыз етумен байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша өндірісті жүзеге асыру;

10) іздеудегі адамдардың орналасу жерін анықтау және ұстай бойынша іс-шаралар жүргізу;

11) Ұлттық бюроның белгіленген құзыреті шегінде іздеудегі адамдарды алып келуді ұйымдастыру;

12) өз қызметін жүзеге асыру кезінде қызметтік тәртіпті және құпиялыштық режимін сақтау;

13) Ұлттық бюроның және оның аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлерін (жұмыскерлерін) даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды жүзеге асыру ;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге міндеттемелерді жүзеге асыру.

3. Қызметті ұйымдастыру

17. Ұлттық бюроны басқаруды ведомствоға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауаптылықта болатын басшы жүзеге асырады.

18. Ұлттық бюроның басшысын Агенттік төрағасының ұсынуы бойынша лауазымға тағайындастырын және лауазымнан босатылып Қазақстан Республикасының Президенті тағайындаиды.

19. Ұлттық бюро басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын екі орынбасары болады.

20. Ұлттық бюро басшысының өкілеттіктері:

1) Ұлттық бюроға жүктелген міндеттерге сәйкес оның қызметін ұйымдастырады және жалпы басшылықты жүзеге асырады;

2) штат санының лимиті шегінде Ұлттық бюроның және оның аумақтық органдарының құрылымы бойынша ұсыныстарды Агенттіктің қарауына енгізеді;

3) өз орынбасарларының және Ұлттық бюроның құрылымдық бөлімшелері басшыларының өкілеттіктерін айқындайды;

4) Ұлттық бюроның, оның аумақтық органдарының кадр мәселелерін Агенттік Тәрағасының бұйрығымен белгіленген тәртіппен шешеді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен Ұлттық бюроның және оның аумақтық органдарының жұмыскерлеріне (қызметкерлеріне) тәртіптік жазалар салады және ынталандыру шараларын қабылдайды, еңбек қатынастары мәселелері оның құзыретіне кіреді;

6) өз құзыреті шегінде Ұлттық бюро және оның аумақтық органдары қызметкерлерінің (жұмыскерлері) орындауды үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Агенттікке Ұлттық бюроның және оның аумақтық органдарының қызметкерлерін (жұмыскерлері) мемлекеттік наградалармен наградтау туралы ұсынулар енгізеді;

8) Агенттік тәрағасының келісімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен Ұлттық бюроның және оның аумақтық органдарының қызметкерлеріне біліктілік сыйыптарын белгілейді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен қарым-қатынастарда Ұлттық бюроның атынан өкілдік етеді;

10) өз құзыретіне кіретін өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Ұлттық бюроның басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіліктерін орындауды басшының тапсырмасы бойынша оның орынбасарларының біреуі жүзеге асырады.

21. Ұлттық бюро басшысының Ұлттық бюроның жанынан консультативті-кенесші орган құруға құқығы бар.

4. Ұлттық бюроның мүлкі

22. Ұлттық бюроның Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Ұлттық бюроның мүлкі, оның меншігіне мемлекет берген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздерден және меншіктік қызметтер нәтижесінде алынған мүліктер есебінен (ақша кірістерін қоса алғанда) қурадады.

23. Ұлттық бюроға бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

24. Ұлттық бюроның өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша берілген қаражат есебінен алынған мүлікті Қазақстан Республикасының заңнамасында егер өзгеше белгіленбесе, өз бетінше иеліктен шығаруға немесе өзгелей тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

5. Ұлттық бюроны қайта үйімдастыру және тарату

25. Ұлттық бюроны қайта үйімдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК